

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/welcome

DTB297

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	2
	Қауіпсіздік	2
	Ескерту	3
2	Қондырмалы ойын-сауық жүйеңіз	5
	Кіріспе	5
	Қораптың құрамы	5
	Негізгі құрылғыны шолу	6
3	Жұмысты бастау	8
	Батареяларды орнату	8
	Қуатты қосу	8
	Уақыт пен күнді орнату	9
	Қосу	9
4	Ойнату	10
	iPod/iPhone/iPad құрылғысынан ойнату	10
	Bluetooth бар құрылғыдан ойнату	11
	Philips DigitalRadio қолданбасынан ойнату	11
	Сыртқы құрылғыдан ойнату	12
5	Радио тыңдау	13
	DAB радиостанцияларын автоматты түрде сақтау	13
	Негізгі әрекеттер	13
	Мәзірді пайдалану	14
6	Басқа мүмкіндіктер	15
	Дыбыс деңгейін реттеу	15
	Оятқыш таймерін орнату	15
	Ұйқы таймерін орнату	15
	Дисплей жарықтығын реттеу	16
7	Өнім туралы ақпарат	17
	Ерекшеліктер	17
	RDS бағдарлама түрлері	18
8	Ақаулықтарды жою	19

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін өнім корпусын алып тастамаңыз.

«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аудартады.

АБАЙЛАҢЫЗ: от немесе ток соғу қауіптерін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар оның үстіне қойылмауы тиіс.

ЕСКЕРТУ: ток соғуды болдырмау үшін штепсельдік ұш пен саңылауды жалпақ жақтарымен келтіріп, толығымен кіргізіңіз.

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- 1 Осы нұсқауларды оқыңыз.
- 2 Осы нұсқауларды сақтап қойыңыз.
- 3 Барлық ескертулерді ескеріңіз.

- 4 Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- 5 Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- 6 Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- 7 Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- 8 Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- 9 Қуат сымын, атап айтқанда, ашаларынан, розеткаларынан және құрылғыдан шығып тұрған жерінен басылып немесе қысылып қалудан қорқаңыз.
- 10 Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- 11 Тек өндіруші көрсеткен немесе құрылғымен бірге сатылатын арбашамен, тірекпен, ұштағанмен, кронштейнмен немесе үстелмен бірге пайдаланыңыз. Арбаша пайдаланылғанда, арбаша/құрылғы екеуін жылжытқанда аударылып кетіп жарақат алмау үшін сақ болыңыз.



- 12 Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- 13 Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, аппаратқа

жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.

14) Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ
- Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:

- Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
- Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.

15) Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.

16) Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.

17) Direct Plug-in адаптерінің ашасы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылатын жерде ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болып қалуы керек.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымна, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

Ескерту

CE 0560

EAC

Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. WOOX кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны қадімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз. Philips және Philips Shield Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және оларды WOOX Innovations Limited компаниясы Koninklijke Philips N.V. компаниясынан алған лицензия бойынша пайдаланады.



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді WOOX Innovations әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады.



«Made for iPod», «Made for iPhone» және «Made for iPad» деген жазулар электрондық қосалқы құрал тиісінше iPod, iPhone немесе iPad құрылғысына жалғау үшін арнайы жасалғанын және әзірлеуші Apple өнімділік стандарттарына сәйкестігін сертификаттағанын білдіреді. Apple бұл құрылғының жұмысы немесе қауіпсіздік және құқықтық стандарттарға сәйкестігі үшін жауапты емес. Бұл қосалқы құралды iPod, iPhone, немесе iPad құрылғысымен пайдалану сымсыз жұмыс өнімділігіне әсер ететінін ескеріңіз.

iPod және iPhone — Apple Inc. корпорациясының АҚШ пен басқа елдерде тіркелген сауда белгісі. iPad — Apple Inc. корпорациясының сауда белгісі.

II сыныпты жабдық таңбасы:



Қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.



- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.

2 Қондырмалы ойын-сауық жүйеңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

Осы құрылғымен мына әрекеттерді орындауға болады:



- FM/DAB радиосын тыңдау.
- iPod/iPhone/iPad, Bluetooth қосылған құрылғыдағы дыбысты тыңдау.
- 3,5 мм дыбыс қосылымы арқылы сыртқы құрылғыдан дыбысты тыңдау.
- екі оятар орнату.
- дабыл оятары, DAB/FM радиосы немесе iPod/iPhone/iPad арқылы ояну.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- АТ қуат адаптері (үш түрлі алынбалы ашамен)
- Басып шығарылған материалдар

Негізгі құрылғыны шолу



① iPod/iPhone/iPad арналған қондырма

② FM антеннасы

- FM қабылдауын жақсартады.

③ AUDIO IN

- 3,5 мм аудио кіріс ұясы.

④ DC IN (7,5 В 2,5 А)

- Қуат көзінің розеткасы.

⑤ «Найзағай» док қосқышы

⑥ TUNING +/- ▲ / ▼

- Радиостансаны реттеу.
- Уақытты реттеу.
- DAB және FM мәзірлері арасында ауысу.

⑦ PRESET +/- ◀▶

- Алдыңғы/келесі аудио файлға өту.
- (Басып тұрыңыз) дыбыс файлында жылдам артқа/алға өткізу.
- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.

⑧ OK/▶||

- DOCK және BT режимінде ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.
- Таңдауды растау.
- FM стереоны немесе FM мононы таңдау.

- ⑨ **SOURCE**
- Дыбыс көзін таңдау: BT, DAB, FM, AUDIO IN, DOCK.
- ⑩ **ALARM 1/ALARM 2**
- Оятар таймерін орнатыңыз.
 - Оятар дыбысын өшіру.
 - Оятқыш параметрлерін көру.
- ⑪ **REPEAT ALARM/BRIGHTNESS CONTROL**
- Оятқышты қайталау.
 - Дисплейдің жарықтығын реттеу.
- ⑫ **Дисплейлі панель**
- Ағымдағы күйін көрсетіңіз.
- ⑬ **⏻**
- Құрылғыны қосу немесе күту режиміне ауыстыру.
 - Ұйқы таймерін өшіру.
 - Оятарды тоқтату.
- ⑭ **VOL +/- ▲ / ▼**
- Дыбыс деңгейін реттейді.
- ⑮ **SLEEP**
- Ұйқы таймерін орнатыңыз.
- ⑯ **MENU/INFO/SET TIME/ ⏪**
- (Басып тұрыңыз) док режимінде дыбыс файлында жылдам алға өткізу.
 - (Басып тұрыңыз) FM/DAB мәзірін ашу.
 - Ойнап тұрғанда дисплей туралы ақпаратты таңдаңыз.
 - Күту режимінде сағатты және күнді орнату.
- ⑰ **SCAN/PROG/ ⏩**
- (Басып тұрыңыз) док режимінде дыбыс файлында жылдам артқа өткізу.
 - (Басып тұрыңыз) барлық бар Bluetooth қосылымдарын ажырату.
 - Қол жетімді FM не DAB радиостанцияларын іздеу.
 - Радио станцияларды бағдарламалау.

3 Жұмысты бастау



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі — құрылғының астыңғы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____


Сериялық нөмір _____

Батареяларды орнату



Ескертпе

- Қуат көзі ретінде тек айнымалы ток қуатын пайдалануға болады. Батареялар (жинақпен берілмейді) тек қосалқы қуат көзі ретінде пайдалануға арналған.



- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 R6/UM-3/AA өлшемді 2 батареяны көрсетілгендей дұрыс қарсылықпен (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



Ескерту

- Батарея заряды таусылған немесе ұзақ уақыт қолданылмайтын болса, оны шығарып қойыңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.
- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.

Қуатты қосу




Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Құрылғының артында немесе астында көрсетілген кернеуге қуат кернеуінің сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток шнурын ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.
- АТ қуат сымын қоспастан бұрын барлық басқа қосылымдардың аяқталғанын тексеріңіз.



Ескертпе

- Түр тақтасы құрылғының төменгі жағында орналасқан.
- Айнымалы ток адаптерін төмендегілерге қосыңыз:
 - құралдың артқы жағындағы AC ~ розеткасына және
 - розеткаға.



Қосу

- $\odot$ түймесін басыңыз.
↳ Құрылғы соңғы таңдалған көзге ауысады.

Күту күйіне қосу

- Құрылғыны күту режиміне ауыстыру үшін $\odot$ түймесін басыңыз.
↳ Уақыт пен күн (орнатылса) дисплейге шығады.

Уақыт пен күнді орнату

- 1 Күту режимінде **MENU/INFO/SET TIME/** $\blacktriangleleft$ түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
↳ Құрылғы бір рет дыбыс шығарады.
↳ [24H] жыпылықтай бастайды.
- 2 12/24 сағаттық пішімді таңдау үшін **TUNING +/- $\blacktriangle$ / $\blacktriangledown$** түймесін басыңыз, одан кейін растау үшін **OK/ $\blacktriangleright$ $\blacksquare$** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 3 Сағатты, минутты, күнді, ай мен жылды орнату үшін 2-қадамды қайталаңыз.
↳ Жылды орнатқан соң, құрылғы қайтадан бір рет дыбыс шығарады.



Кеңес

- 12 сағаттық форматта [MONTH--DAY] дисплейге шығады.
- 24 сағаттық форматта [DAY--MONTH] дисплейге шығады.

4 Ойнату

iPod/iPhone/iPad құрылғысынан ойнату

Осы құрылғы арқылы iPod/iPhone/iPad дыбыстарын тыңдауға болады.

Үйлесімді iPod/iPhone/iPad


Құрылғы келесі iPod, iPhone және iPad үлгілерін қолдайды.

Мыналар үшін жасалған:

- iPod nano (7-буын)
- iPod touch (5-буын)
- iPad (4-буын)
- iPad mini
- iPhone 5

iPod/iPhone/iPad тыңдау

- 1 DOCK көзін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
- 2 iPod/iPhone/iPad құрылғысын салыңыз.
↳ iPod/iPhone/iPad танылғанда, құрылғыдағы сағат iPod/iPhone/iPad құрылғысымен автоматты түрде синхрондалады.



- Ойнатуды уақытша тоқтату не жалғастыру үшін **OK/▶||** түймесін басыңыз.
- Трекке өту үшін **PRESET +/- ◀▶** түймесін басыңыз.
- Ойнап тұрғанда іздеу үшін **PRESET +/- ◀▶** түймесін басып тұрыңыз, одан кейін қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін жіберіңіз.

iPod/iPhone/iPad құрылғысын зарядтау

Құрылғы қуат көзіне қосылып тұрғанда, қондырылған iPod/iPhone/iPad зарядтала бастайды.



Кеңес


- Кейбір iPod модельдері үшін зарядтау көрсеткішінің көрсетуіне бір минутқа дейін уақыт кетуі мүмкін.

Bluetooth бар құрылғыдан ойнату

Ескертпе

- Құрылғыға Bluetooth құрылғысын қоспастан бұрын, құрылғының Bluetooth мүмкіндіктерімен танысып алыңыз.
- Құрылғыны кедергі келтіруі мүмкін электрондық құрылғылардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғы мен жұптастырылған құрылғы арасындағы тиімді жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут) болады.
- құрылғылар арасындағы кедергі жұмыс ауқымын төмендетуі мүмкін.

- 1 BT (Bluetooth) көзін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
↳ Дисплей панеліндегі **📶** жыпылықтай бастайды.
- 2 Bluetooth құрылғысындағы Bluetooth функциясын іске қосыңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 3 Жұптастыру үшін құрылғыдағы «PHILIPS DTB297» тармағын таңдаңыз.
↳ Сәтті жұптастыру мен байланыстан кейін құрылғы екі рет дыбыс шығарады және **📶** жыпылықтауын тоқтатады.
 - Кейбір құрылғылар үшін жұптастыру коды ретінде «0000» енгізу керек болуы мүмкін.
- 4 Bluetooth құрылғысында музыка ойната бастаңыз.



Кеңес

- Құрылғы 8-ге дейін алдында қосылған Bluetooth құрылғыларын есте сақтай алады.

Bluetooth қолдайтын құрылғыны ажырату үшін:

- Құрылғыда Bluetooth функциясын өшіріңіз;
- Құрылғыны байланыс ауқымынан тыс шығарыңыз; немесе
- **SCAN/PROG/▶▶** түймесін басып тұрыңыз.

Philips DigitalRadio қолданбасынан ойнату

Philips DigitalRadio қолданбасы Apple App Store және Google Play сайттарында қол жетімді.

Осы құрылғының мүмкіндіктерін толығымен пайдалану үшін қолданбаны жүктеп, смарт құрылғыңызға орнатыңыз.

Бұл қолданбамен iPod/iPhone/iPad немесе Bluetooth құрылғысын осы құрылғыға қосқан соң, BT, DAB, TUNER және AUDIO IN ойнату режимдерін смарт құрылғыдан басқаруға болады.



- Dock көзіне қосқанда, Bluetooth қосылымы автоматты түрде ажырайды және **Philips DigitalRadio** қолданбасы жұмысын тоқтатады.

Сыртқы құрылғыдан ойнату

Сондай-ақ, осы құрылғы арқылы сыртқы аудио құрылғыны тыңдауға болады.

- 1 AUDIO IN ресурсын таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
- 2 3,5 мм аудио байланыс кабелін (жинақта берілмеген) төмендегілерге жалғаңыз:
 - құрылғының артындағы **AUDIO IN** ұясына (3,5 мм).
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап ұяшығына.↳ экранда [AUDIO IN] мәтіндік хабары мен ағымдағы уақыт көрсетіледі.
- 3 Құрылғыны ойнатуды бастаңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

5 Радио тыңдау

Ескертпе

- Қабылдау сапасын жақсарту үшін антеннаны толығымен шығарып, оның орналасуын реттеңіз немесе сыртқы антеннаны қосыңыз.
- Бұл өнім MW (орташа толқын) радиосын қабылдауды қолдамайды.
- Ең көбі 20 DAB радиостанциясын және 20 FM радиостанциясын бағдарламалауға болады.
- Аймағыңыздағы қолданыстағы DAB радио жиіліктерін білу үшін жергілікті сатушыға хабарласыңыз немесе www.WorldDAB.org торабына өтіңіз.
- RDS радиостанциялары туралы қосымша ақпарат алу үшін «**Product information**» (Өнім туралы ақпарат) > «**RDS program types**» (RDS бағдарлама түрлері) бөлімін қараңыз.

DAB радиостанцияларын автоматты түрде сақтау

Ешқандай DAB радиостанция сақталмаса, бұл өнім DAB радиостанцияларын іздеп, автоматты түрде сақтай алады.

- 1 DAB көзін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
↳ **[FULL SCAN]** (толық іздеу) дисплей панелінде жүреді.
- 2 Автоматты орнатуды бастау үшін **OK/ ►►** түймесін басыңыз.
↳ Бұл өнім жеткілікті сигнал күші бар DAB радиостанцияларын автоматты түрде сақтайды.
↳ Барлық қол жетімді DAB радиостанциялары сақталғаннан кейін бірінші сақталған DAB радиостанциясы автоматты түрде таратылады.

Негізгі әрекеттер

Қосымша функциялар үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Төменірек/жоғарырақ жиіліктері сигнал күші жеткілікті келесі FM

радиостанциясына реттеу:

Автоматты іздеуді бастау үшін **TUNING +/- ▲ / ▼** түймесін басып тұрыңыз.

Белгілі бір жиіліктегі FM

радиостанциясына реттеу:

Жиілік сандары көрсетілгенше **TUNING +/- ▲ / ▼** түймесін қайталап басыңыз.

FM радиостанцияларын автоматты түрде бағдарламалау:

Автоматты бағдарламалауды бастау үшін **SCAN/PROG/ ►►** түймесін басыңыз.

DAB радиостанцияларын автоматты түрде бағдарламалаңыз:

Автоматты іздеу мен бағдарламалауды бастау үшін **SCAN/PROG/ ►►** түймесін басыңыз.

Радиостанцияларды қолмен бағдарламалау:

- 1) Радиостанцияға реттеу.
- 2) Бағдарламалауды белсендіру үшін **SCAN/PROG/ ►►** түймесін басыңыз.
- 3) Радиостанцияға реттік сан тағайындау үшін **PRESET +/- ◀ / ▶** түймесін басыңыз.
- 4) Растау үшін **OK/ ►►** түймесін басыңыз.
- 5) Қосымша радиостанцияларды бағдарламалау үшін 1-4-ші қадамдарды қайталаңыз.

Алдын ала орнатылған радиостанцияға реттеу:

PRESET +/- ◀ / ▶ түймесін қайталап басыңыз.

Дыбыс режимін FM радиосы үшін [STEREO] (стерео) және [MONO] (моно) арасында ауыстыру:

OK/ ►► түймесін қайталап басыңыз.

Ағымдағы радиостанция туралы қол жетімді ақпаратты көрсету:

MENU/INFO/SET TIME/ ◀◀ түймесін қайталап басыңыз.

Мәзірді пайдалану

Радионы тыңдағанда, басқару опциялары үшін мәзірлерге кіруге болады.

- 1** **MENU/INFO/SET TIME/** ◀ түймесін басып тұрыңыз.
- ↳ FM режимі: **[SCAN]** (іздеу) көрсетіледі.
 - ↳ DAB режимі: **[FULL SCAN]** (толық іздеу) көрсетіледі.

- 2** Мәзір опциясын таңдау үшін **TUNING +/- ▲ / ▼** түймесін басыңыз, одан кейін опцияны растау үшін **OK/▶■** түймесін басыңыз немесе төмен деңгейлі мәзірге кіріңіз.

FM режимі:

[SCAN] (іздеу) Радиостанцияларды автоматты түрде іздеп, сақтау: **[STRONG]** (күшті) тек сигналы күшті радиостанциялар үшін (күшті), **[ALL]** (барлығы) барлық радиостанциялар үшін.

[AUDIO] (дыбыс) Дыбыс режимін таңдаңыз: **[STEREO]** (стерео) не **[MONO]** (моно).

DAB режимі:

[FULL SCAN] (толық іздеу) Толық ауқымдағы DAB радиостанцияларын қарап шығып, сақтаңыз.

[MANUAL] (қолмен) DAB радиостанциясына қолмен реттеу.

[PRUNE] (жою) Станциялар тізімінен жарамсыз станцияларды жою.

[SYSTEM] (жүйе) **[RESET]** (қалпына келтіру): Барлық радио параметрлерін әдепкі зауыттық мәндеріне қалпына келтіріңіз.

[SW VER] (бағдарламалық құрал нұсқасы): Ағымдағы бағдарлама нұсқасын көрсету.

[BT UPGRD] (Bluetooth жаңартуы): Бар болса, Bluetooth бағдарламалық құралын жаңарту.

[UPGRADE] (жаңарту): Бар болса, бағдарламаны жаңарту.

[BT RESET] (Bluetooth қалпына келтіру): Bluetooth функциясын әдепкі параметріне қалпына келтіру.

[BT ON] (Bluetooth қосулы): Қолданбадағы **[BT ON]** опциясы «ON» (ҚОСУЛЫ) мәніне орнатылса, Bluetooth қосылымы күту режимінде қосулы болып қалады. Қуат үнемдеу мүмкіндігі сияқты оған «OFF» (ӨШІРУЛІ) мәніне орнатылса, Bluetooth қосылымы күту режимінде автоматты түрде ажырап, **Philips DigitalRadio** қолданбасы жұмысын тоқтатады.

- 3** Мәзірден шығу үшін **MENU/INFO/SET TIME/** ◀ түймесін басыңыз.

6 Басқа мүмкіндіктер

Дыбыс деңгейін реттеу

- 1 Ойнату кезінде дыбыс деңгейін жоғарылату/төмендету үшін **VOL +/-** түймесін басыңыз.

Оятқыш таймерін орнату

Екі оятарды әр түрлі уақытта өшетін етіп орнатуға болады.

- 1 Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз (ақылдасу 'Уақыт пен күнді орнату' бет 9).
- 2 **ALARM 1** немесе **ALARM 2** түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
 - ↳ Құрылғы дыбыстық белгі береді.
 - ↳ **[SET AL]** (оятарды орнату),  не  және сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 3 Сағатты орнату үшін **TUNING +/- ▲ / ▼** түймесін басыңыз, одан кейін растау үшін **OK/▶||** түймесін басыңыз.
 - ↳ Минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Минут, оятар күнін (жұмыс күні, күнделікті не демалыс), көзді (**DOCK**, **BUZZ**, **DAB** не **TUNER**) және дыбыс деңгейін орнату үшін 3-қадамды қайталаңыз.
 - ↳ Дыбыс деңгейін орнатқан соң, құрылғы қайтадан бір рет дыбыс шығарады.

Оятар таймерін іске қосу/өшіру

- 1 Таймерді іске белсендіру немесе ажырату үшін **ALM 1** не **ALM 2** түймесін қайталап басыңыз.
 - ↳ Егер таймер белсендірілсе,  немесе  көрсетіледі.
 - ↳ Егер таймер өшірілсе,  немесе  жоғалады.

Оятқышты қайталау

- Оятар шырылдағанда, **BRIGHTNESS/REP ALM** түймесін басыңыз.
 - ↳ Оятар бірнеше минуттан кейін қайталап шырылдайды.

Оятардың шырылдауын тоқтату

- Оятар шырылдағанда, сәйкесінше **ALARM 1** немесе **ALM 2** түймесін басыңыз.
 - ↳ Оятқыш тоқтайды, бірақ оятқыш параметрлері қалады.

Оятқыш параметрлерін қарап шығу

- **ALARM 1** немесе **ALM 2** түймесін басыңыз.

Ұйқы таймерін орнату

Бұл құрылғы күту режиміне белгіленген уақыт кезеңінен кейін қосыла алады.

- Орнатылған уақыт кезеңін (минуттар түрінде) таңдау үшін **SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз.
 - ↳ Ұйқы таймері белсендірілгенде, дисплейден  көрсетіледі және дыбыс деңгейі соңғы 5 минутта біртіндеп бәсеңдейді.

Ұйқы таймерін өшіру үшін

- **[OFF]** (өшірулі) көрінгенше **SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ Ұйқы таймері өшірілсе, «z» дисплейден өшеді.

Дисплей жарықтығын реттеу

- Дисплей жарығының әртүрлі деңгейлерін таңдау үшін **BRIGHTNESS/REP ALM** түймесін қайталап басыңыз.

7 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2 x 5 Вт ОКМ
Жиілік жауабы	80 Гц -16 кГц, ± 3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	> 67 дБА
AUDIO IN	600 мВ RMS, 22 кОм

FM

Реттеу ауқымы	FM 87.5 - 108 МГц
Реттеу торы	50 кГц
- Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	<22 дБф
- Стерео, 46 дБ С/Ш қатынасы	<43 дБф
Іздеу сезімталдығы	< 28 дБф
Гармоникалық мазмұн	<2%
Сигнал-шу арақатынасы	>55 дБ

DAB тюнері

Реттеу ауқымы	174–240 МГц (III ауқым)
Сезімталдық	> 90 дБ

Динамиктер

Үндеткіштің номиналдық қарсылығы	4 Ом
Үндеткіш драйвері	57 мм
Сезімталдық	>84 дБ/м/Вт

Bluetooth®

Bluetooth® нұсқасы	V2.1 + EDR
Жиілік жолағы	2,402-2,480 ГГц ISM жолағы
Ауқымы	10 м (бос орын)

Жалпы ақпарат

AC/DC ауыстыру адаптері	Үлгі: OH-1018E0752500U Кіріс: 100-240 В~ 50/60 Гц 650 мА; Шығыс: 7,5 В === 2,5 А
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	19 Вт
Күту режимінде қуат тұтынуы (сағат дисплейі)	<1 Вт
Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	263 x 135 x 165 мм
Салмағы (негізгі құрылғы)	1,18 кг

RDS бағдарлама түрлері

NO TYPE	RDS бағдарлама түрі жоқ
NEWS	Жаңалықтар қызметтері
AFFAIRS	Саясат және ағымдағы істер
INFO	Арнайы ақпарат бағдарламалары
SPORT	Спорт
EDUCATE	Білім және кеңейтілген оқыту
DRAMA	Радио пьесалары және әдебиеті
CULTURE	Мәдениет, дін және қоғам
SCIENCE	Ғылым
VARIED	Ойын-сауық бағдарламалары
POP M	Поп музыка
ROCK M	Рок музыкасы
MOR M	Жеңіл музыка
LIGHT M	Жеңіл классикалық музыка
CLASSICS	Классикалық музыка
OTHER M	Басқа музыка бағдарламалары
WEATHER	Ауа райы
FINANCE	Қаржы
CHILDREN	Балаларға арналған бағдарламалар
SOCIAL	Әлеуметтік істер
RELIGION	Дін
PHONE IN	Телефон кірісі
TRAVEL	Сапар шегу
LEISURE	Бос уақыт
JAZZ	Джаз музыкасы
COUNTRY	Кантри музыкасы
NATION M	Ұлттық музыка
OLDIES	Ескі музыка
FOLK M	Халықтық музыка
DOCUMENT	Деректік
TES	Дабылды тексеру
ALARM	Дабыл

8 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасаманыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде проблемалар орын алса, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-торабына (www.philips.com/welcome) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының айнаымалы ток қуат штепселінің дұрыс қосылуын қамтамасыз етіңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.
- Батареялардың дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Айнаымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- FM антеннасын түгелдей созыңыз.

Таймер істемейді

- Сағатты дұрыс орнатыңыз.
- Таймерді қосыңыз.

Сағат/таймер параметрін өшірілген

- Қуат үзілген немесе қуат ашасы ажыратылған.
- Сағатты/таймерді қалпына келтіріңіз.

Bluetooth байланысы сәтті орнағаннан кейін де құрылғыда музыка ойнату мүмкін емес.

- Құрылғыны осы құрылғы арқылы музыканы сымсыз ойнату үшін пайдалану мүмкін емес.

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы құрылғыға жақындатыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

Бұл құрылғыға қосылу мүмкін емес.

- Бұл құрылғыға қажетті профильдерді құрылғы қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Бұл функцияны қосу әдісі туралы анықтама алу үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Бұл құрылғы жұптастыру режимінде емес.
- Бұл құрылғы Bluetooth арқылы басқа құрылғымен қосылып қойған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұптасқан мобильді құрылғы тұрақты қосылып ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы құрылғыға жақындатыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
- Қоңырау шалғанда немесе аяқтағанда, кейбір ұялы телефондар үнемі қосылып ажырауы мүмкін. Ол осы құрылғының ақаулығын білдірмейді.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth байланысы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде өшуі мүмкін. Ол осы құрылғының ақаулығын білдірмейді.



2014 © WOOX Innovations Limited.

All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

DTB297_UM_10_V2.0

